

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті
жанындағы Ақпараттық-есептеу орталығын қаржыландыру туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 2 қараша 1993 ж. N 1088

Жекешелендірілетін кәсіпорындар акцияларының азаматтардың жекешелендіру купондарына сатылуын есепке алу, республикада мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру процесін автоматтандыру және ақпараттық қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті жанында қызметкерлер саны 29 адамнан тұратын Ақпараттық-есептеу орталығы (АЕО) және Орталықтың жалпы қызметкерлер саны 110 адамнан тұратын облыстық бөлімшелері құрылсын.

2. Қызмет бабында пайдаланылатын бір автомобильді ұстауға қажетті лимит бөлінсін.

3. <*>

Ескерту. 3 тармақ күшін жойған - ҚР Үкіметінің 1996.01.09.

N 31 қаулысымен. P960031_

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне Ақпараттық-есептеу орталығын және оның облыстық бөлімшелерін ұстауға қажетті қаражатты көздейтін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі